

Профилактикалық, алдын ала және міндетті медициналық тексерулерден өтуге тиіс адамдардың осындай тексерулерден уақтылы өтуін қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 8 қыркүйектегі N 856 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 260 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.04.2022 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 8-бабы 2-тармағының 16) тармақшасына сәйкес және жеке және қоғамдық денсаулықты сақтау мен нығайтуға мемлекеттің, жұмыс берушінің және азаматтардың өздерінің бірлескен жауапкершілігін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қоса беріліп отырған Профилактикалық, алдын ала және міндетті медициналық тексерулерден өтуге тиіс адамдардың осындай тексерулерден уақтылы өтуін қамтамасыз ету ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 8 қыркүйектегі
N 856 қаулысымен
бекітілген

Профилактикалық, алдын ала және міндетті медициналық тексерулерден өтуге тиіс адамдардың осындай тексерулерден уақтылы өтуін қамтамасыз ету ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Профилактикалық, алдын ала және міндетті медициналық тексерулерден өтуге тиіс адамдардың осындай тексерулерден уақтылы өтуін қамтамасыз ету ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасындағы

еңбек туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына және "Азаматтардың денсаулығын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді.

2. Ереже жұмыс берушінің профилактикалық, алдын ала және міндетті медициналық тексерулерден өтуге тиіс адамдардың осындай тексерулерден уақтылы өтуін қамтамасыз ету тәртібін белгілейді.

3. Профилактикалық, алдын ала және міндетті медициналық тексерулерден (бұдан әрі - медициналық тексеру) өтудің негізгі мақсаттары денсаулықты қалыптастыру мен нығайтуға, аурулардың, оның ішінде кәсіптік аурулардың, уланулардың, жазатайым оқиғалардың алдын алуға, оларды анықтауға және таралуын болдырмауға, сондай-ақ қандай да бір шаруашылық және (немесе) өндірістік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметкерлерінің, адамдардың еңбек қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған уақтылы медициналық тексеруді жүргізуді қамтамасыз ету болып табылады.

4. Профилактикалық медициналық тексерулер - тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің шеңберінде диспансерлеу, серпінді қадағалау мақсатында жыл сайын жүргізілетін медициналық тексерулер (жыл сайынғы медициналық тексерулер).

Алдын ала медициналық тексерулер - жұмысқа орналасатын және оқуға түсетін адамдардың денсаулық жағдайын анықтау, жазатайым оқиғалардың, жалпы, кәсіптік, жұқпалы және паразитарлық аурулардың алдын алу және таралуын болдырмау мақсатында жүргізілетін, оларды медициналық тексерулер.

Міндетті медициналық тексерулер - денсаулық жағдайын серпінді қадағалауды, аурулардың бастапқы белгілерін уақтылы анықтауды, жалпы, кәсіптік, жұқпалы және паразитарлық аурулардың алдын алуды және таралуын болдырмауды қамтамасыз ету мақсатында мерзімді жүргізілетін халықты медициналық тексерулер (мерзімді тексерулер).

5. Профилактикалық, алдын ала және міндетті медициналық тексерулерді қажетті материалдық-техникалық, кадр ресурстары бар және еңбекке қабілеттілігі мен кәсіптік жарамдылығына сараптама жасауға лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдары жүзеге асырады.

2. Медициналық тексерулерден уақтылы өтуді қамтамасыз ету тәртібі

6. Жұмыс берушілер меншік нысанына қарамастан өзінің қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы тексерулерден өтуге тиіс қызметкерлердің медициналық тексерулерден уақтылы өтуін қамтамасыз етеді.

7. Жұмыс беруші жыл сайын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет

органдарымен келісім бойынша медициналық тексерулерден өтуге тиіс қызметкерлер әсеріне ұшырайтын өндірісті, цехты, мамандықтарды, зиянды, қауіпті заттар мен өндірістік факторларды көрсете отырып, адамдардың аты-жөні бойынша тізім жасайды және бекітеді.

8. Жұмыс беруші жыл сайын медициналық тексерулерден өтуге тиіс адамдардың тізімін бекіткеннен кейін еңбекке қабілеттілігі мен кәсіптік жарамдылығына сараптама жасауға лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдарымен медициналық тексерулерді жүргізуге шарт жасасады.

9. Жұмыс беруші бекіткен тізімге сәйкес қызметкерлердің медициналық тексерулерден өту кестесін бекітетін жауапты адамдарды жұмыс беруші тағайындайды.

10. Медициналық тексеруден өтуге тиіс қызметкерлер бекітілген кестелерге сәйкес тиісті шарттар жасалған денсаулық сақтау ұйымдарына жіберіледі.

11. Жұмыс берушілер Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің - тізбесіне сәйкес профилактикалық медициналық тексеруден өтуге тиіс адамдардың осындай тексерулерден өтуі үшін жағдай жасайды.

12. Жұмыс беруші профилактикалық, алдын ала және міндетті медициналық тексерулерден өтуге тиіс адамдардың осы тексерулерден уақтылы өтуін ұйымдастыруға жауапты болады.

13. Профилактикалық, алдын ала және міндетті медициналық тексерулерден өтудің уақтылығын мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары, медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік органдар мен еңбек жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік еңбек инспекторлары бақылайды.